

*Т. Н. СҮЛЕЙМЕНОВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ, ЗАҒҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ*

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ ТЕРГЕУШІНІҢ АНЫҚТАУ ОРГАНДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ (БАЙЛАНЫСЫ)

Құқық қорғау органдарының қызметтері, әрі олардың статустық мәртебесі, қылмыспен күресудегі ерекшелігі және азаматтардың құқықтық мәдениеті мен сапасын көтеруге байланысты елімізде құқықтық реформалар өтіп жатыр. Құқықтық мемлекет құруға байланысты заңдылықты күшейте жұмыстары, соның ішінде қылмыстық заңдардың қазіргі өмірлік талапқа сай қайта өзгерту мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту. Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексін дайындауды аяқтау қажет. Маңызды мәселе - құқық қорғау және арнаулы органдарды сапалы кадрлық жаңарту...» деп атап кеткен¹.

Тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін өткізу арқылы әр қозғалған қылмыстық іс бойынша қылмыстың мән-жайын анықтап, жасалған қылмысты дер кезінде ашуға тиіс. Бірақ тергеуші тек қана заңда көрсетілген әрекеттерді жүргізу арқылы, өзінің күшімен ғана бұл заңда көрсетілген міндетті орындай алмайды. Сондықтан тергеушінің жедел-ізвестіру жұмыстарын орындайтын, анықтама жүргізетін органдардың қызметкерлерін көмекке алуға, оларға тергеу үстінде жасалған қылмыстың кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде арнайы нұсқаулар беру жайындағы өкілеттігі заңда көрсетіліп бекітілген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ҚІЖК-дегі 193-бабының 3-тармағына сәйкес тергеуші ізвестіру әрекеттерін немесе жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді алдын ала тергеу жүргізілетін жердегі немесе іс жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Тергеушінің тапсырмасы он тәуліктен аспайтын мерзімді орындауы тиіс.

Тек жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу барысында анықталған мәліметтерді және осы органның басқа да мүмкіншіліктерін толық пайдаланған жағдайда ғана тергеуші тергеп отырған қылмысты дер кезінде аша алды². Тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының бірлесіп істеуі арқылы қылмысты тез арада ашуға, қылмыскерді дер кезінде ұстауға, керекті заттай дәлелдемелерді толық жинап алуға болады.

Сондықтан, тергеу және анықтама жүргізуші органдарының тергеу үстінде қалыптасқан қарым-қатынасының түсінігі — қылмыстық істі тергегенде бір-біріне әкімшілік тұрғыдан тәуелсіз тергеу және жедел-ізвестіру органдарының қылмысты ашуға, оның сапалы тергеуге, қылмыстың алдын алуға бірлесіп, іскерлікпен істейтін жұмыстары болып саналады. Тергеуші істің кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде бұл органдарға нұсқау бере отырып, оны қандай әдістермен, қандай жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу арқылы шешетіндігіне араласып кіріспейді.

Біздің пікірімізше, тергеуші мен анықтау органдарының арасында екі түрлі қарым-қатынас қалыптасқан: тұрақты және бір жолғы. Тұрақты қатынас жағдайында тергеуші мен жедел уәкіл қызметкерлері бір істі басынан аяғына дейін бірлесіп, қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізеді. Қылмыс осы органдарға белгілі болған кезеңнен, тіпті қылмыстық іс қозғалмай тұрып-ақ қалыптасады. Мұндай жағдайда жедел-ізвестіру органдары іс қозғауға негіз бола алатын фактілерді, мәліметтерді жинап, оны тергеушіге береді. Бұл мәліметтер тергеушінің қылмысты қозғау кезеңінде дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін тергеуші және жедел уәкіл қызметкері жалпы түрде тергеу жоспарын құрып, оң көрсеткен іс-әрекеттерді нақтылы кім орындайтындығын анықтайды³. Кейбір жағдайда тергеуші өз алдына жоспар құрып, жедел уәкіл қызметкерлеріне өзінше жоспар немесе жеке тапсырма беруі мүмкін. Қылмыстық іс бойынша жедел-ізвестіру шаралар жүргізу кезінде анықталған мәліметтермен дереу жедел уәкіл қызметкері мен тергеуші бір-біріне хабарлап отыруы тиіс. Сондықтан бір-біріне осындай мәлімет беріп, іскерлік қарым-қатынаста болғанда ғана тергеу дұрыс бағыт алып, жұмыс нәтижелі аяқталып, қылмыс дер кезінде ашылуы мүмкін.

Айталық, тергеуші оқиға болған жерді қарап жатқанда, жедел уәкіл және учаскелік инспектор қылмыскердің кім екенін анықтап, оны ұстауға, жасалған қылмысты көрген адамдарды табуға және басқа да қылмыстың мән-жайы жөніндегі мәліметтерді біліп, анықтауға бағытталған жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізуі тиіс. Сонымен, жалпы тергеу жоспарын құрумен және кейбір тергеу әрекеттерін бірігіп өткізумен сипаттауға болады. Тергеу барысында тұрақты қатынас пен бірге көбінесе жеңіл қылмыстарды тергегенде, бір жолғы қарым-қатынас та қалыптасуы мүмкін.

Қорыта келегенде, күрделі тергеу әрекеттерін тергеуші жедел уәкіл қызметкерлерімен бірлесіп, іскерлікпен өткізуі тергеу әрекетінің нәтижелігін сөзсіз арттыруға тиіс деп ойлаймыз,

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 ж. 28 қаңтар.

² Е. Ғ. Жәкішев Криминалистика. — Алматы, Жеті Жарғы, 2006. — 345-6.

³ Ү. Нұрмашев Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. — Алматы «Жеті Жарғы», 2008. — 145-6.